

## Банктік емес ұйымдардың 2008 жылғы 1 наурыздағы ағымдағы жағдайы

2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 35 ұйым, оның ішінде 12 ипотекалық ұйым жұмыс істейді.

№	Ұйымдардың атауы	01.01.2008	01.03.2008
1	Ипотекалық ұйымдар	12	12
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	23	23
	<b>Жиынтығы</b>	<b>35</b>	<b>35</b>


### Ипотекалық ұйымдар

**Активтер.** Ипотекалық ұйымдардың активтерінің жиынтық мөлшері ақпанда 1,9%-ға (4 041,2 млн. теңгеге) азайып, 2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 216 729,0 млн. теңгені құрады.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасында маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрап отыр – 74,9% (162 421,4 млн. теңге), ал басқа банктерде орналастырылған салымдарға 4,3% (9 393,9млн. теңге), бағалы қағаздар үлесіне – 5,0% (10 768,4 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 5,8% (12 587,7 млн. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2008		01.03.2008		Өсімі, %-бен
	млн. теңгемен	Жиынтығында %-бен	млн. теңгемен	Жиынтығында %-бен	
Қолма-қол ақша	683,1	0,3	465,4	0,2	-31,9
Корреспонденттік шоттар	6 350,2	2,9	12 587,7	5,8	98,2
Бағалы қағаздар	11 769,6	5,4	10 768,4	5,0	-8,5
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	11 787,1	5,5	9 393,9	4,3	-20,3
«Кері РЕПО» операциясы	15 825,3	7,3	11 414,0	5,3	-27,9
Клиенттерге берілген заемдар	162 243,0	75,1	162 421,4	74,9	0,1
Капиталға инвестиция және реттелген борыштар	1 613,5	0,8	2 267,3	1,1	40,5
Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер	2 107,9	1,0	2 169,6	1,0	2,9
Басқа активтер	3 755,4	1,7	5 241,3	2,4	39,6
<b>Барлығы активтер</b>	<b>216 135,1</b>	<b>100</b>	<b>216 729,0</b>	<b>100</b>	<b>0,3</b>

01.01.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың активтерінің құрылымы (%-бен)



01.03.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың активтерінің құрылымы (%-бен)




**Кредиттік портфель.** Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі ақпанда 3,8%-ға ұлғайып, ағымдағы жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 176 558,3 млн. теңгені құрады, бұл ретте жылдың басынан бастап төмендеу 2,1% (3 818,8 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымының сапасын талдай отырып, стандартты кредиттер үлесінің азайғанын байқауға болады. Мәселен, ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 95,5% келсе, 2008 жылғы 1 наурызда - 93,9% болды. Күмәнді кредиттердің үлесі есепті күнде 5,5% болды, бұл 2008 жылғы қаңтардағы көрсеткіш деңгейінен 1,6 пайыздық тармаққа жоғары. Үмітсіз кредиттердің үлесі ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 2008 жылғы 1 наурызда өзгермегенін және 0,6% құрағанын атап өткен жөн. Алайда абсолютті көрсеткіште үмітсіз заемдардың сомасы жылдың басымен салыстырғанда 26,8 млн. теңгеге ұлғайды.

Несие портфелі сапасының динамикасы Динамика качества ссудного портфеля	01.01.2008		01.03.2008	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы
<b>Несие портфелі барлығы</b>	<b>180 377,1</b>	<b>100</b>	<b>176 558,3</b>	<b>100</b>
<b>Стандартты</b>	<b>172 269,1</b>	<b>95,5</b>	<b>165 893,2</b>	<b>93,9</b>
<b>Күмәнді</b>	<b>7 110,9</b>	<b>3,9</b>	<b>9 641,2</b>	<b>5,5</b>
<i>1-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	2 744,7	1,5	3 748,6	2,1
<i>2-санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	1 496,3	0,8	1 848,9	1,1
<i>3-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	1 660,1	0,9	1 683,7	1,0
<i>4-санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	557,4	0,3	1 447,6	0,8
<i>5-санатты күмәнді</i>	652,4	0,4	912,4	0,5
<b>Үмітсіз</b>	<b>997,1</b>	<b>0,6</b>	<b>1 023,9</b>	<b>0,6</b>

Ипотекалық ұйымдардың несие портфелінің өзгеру динамикасы, млрд. теңгемен




1 наурыздағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі 3 аса ірі ипотекалық ұйымның үлесі 99,0%-ды құрады. Олардың ішінде «БТА Ипотека» АҚ - 39,2%, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ - 41,7%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» - 19,1%.


**Міндеттемелер.** Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2008 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 193,7 млн. теңгеге немесе 0,1%-ға азайды және 2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 171 374,0 млн.теңгені құрады. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (45,7%) және басқа банктерден алынған заемдар (35,4%) басым болды.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.08		01.03.08		Өсімі, %-бен
	млн. теңге	%-бен жиынтығында	млн. теңге	%-бен жиынтығында	
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	61 869,2	36,1	60 760,7	35,4	-1,8
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0	0	3 700,4	2,2	100,0
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	82 947,7	48,3	78 296,3	45,7	-5,6
Басқа кредиторлар	1 302,8	0,8	1 414,5	0,8	8,6
Басқа міндеттемелер	25 448,0	14,8	27 202,1	15,9	6,9
<b>Міндеттемелердің барлығы</b>	<b>171 567,7</b>	<b>100</b>	<b>171 374,0</b>	<b>100</b>	<b>-0,1</b>

01.01.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы (%-бен)



01.03.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы (%-бен)



**Кірістілік.** 2008 жылғы 1 наурызда ипотекалық ұйымдар кіріс салығын төлегеннен кейін 610,3 млн. теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, бұл ағымдағы жылдың 1 қаңтарына қарағанда 84,4%-ға аз. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 5 306,7 млн. теңге (2008 жылғы 1 қаңтарда – 27 147,5 млн. теңге), шығыстардың жиынтық мөлшері – 4 696,4 млн. теңге (2008 жылғы 1 қаңтарда – 23 233,7 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн.теңгемен	01.01.2008	01.03.2008	Өсімі, %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	21 159,5	4 179,0	-80,3
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	12 402,9	2 327,1	-81,2
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	5 988,0	1 127,7	-81,2
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	10 830,8	2 369,3	-78,1

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (70,0% немесе 3 712,5 млн. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер, ал пайыздық шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша (31,1% немесе 1 458,4 млн. теңге) сыйақы төлеуге байланысты шығыстар біршама көп үлес алады.

Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы 2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 45 355,0 млн. теңгені құрады, бұл ағымдағы жылдың қаңтар айындағы көрсеткіштен 1,8%-ға (787,5 млн. теңге) жоғары.